

**Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Ю.А.Гагарин атындағы
№33 бала бақшасы» МКҚК**

**Тематикалық ұымдастырылған оқу қызметі
Тақырыбы: «Тәуелсіздік - ел тірегі »
№ 10 «Балапан» ортаңғы топ.**

Құрастырған:
Тәрбиешілер: Муканбетова Б. Х.
Беркімбай А. Ж.

Көкшетау қаласы

«Тәуелсіздік - ел тірегі»

Мақсаты : Бүлдіршіндерге еліміздің тарихы туралы түсінік беру .Рәміздерімізді қастерлеуге үйрету .
Өз Отанын сүйуге, халқымыздың әдет – ғұрпы, салт – дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыруға .
Ұлтжандылыққа, достыққа, саналылыққа тәрбиелеу .

Тәрбиеші : Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды . Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдермен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Біз өзіміздің Әнұранымызбен, Туымызбен , Елтаңбамызбен басқа елдерге мақтаныш етеміз.

Барша халық таныған,
Біздің үміт тілекті .
Шырқалғанда әнұран,
Шаттық кернеп жүректі .

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Бәрі де сенің Отаның
Бойыңды биіктететін.
Рухына балап атаның
Өлгенше сүйіп өтетін.

- Балалар, осы біз «Отан» деген сөзді күн сайын естіп жүрміз . Осы Отан дегеніміз не?
(Балалардың жауабы.)
- Отан дегеніміз – адамың туып – өскен жері, туған – туыстарымен, жақындарымен бірге тұратын ата мекені .

Отан туралы тақпақтар :

Медина :

Отан деген - атамекен,
Отан деген – туған жер
Отан – ана, Отан үлкен ,
Қазақстан – туған ел !

Кирилл:

Отан жерім , Отан – суым ,
Отан қуат, нәр береді

Дария:

Отан ұран ,Отан – туым ,
Отан мәңгі гүлденеді

Тәрбиеші:

- Балалар , ал еліміздің рәміздері туралы не білеміз? (Туды көрсетіп, сипаттау.)
- Мемлекеттік туымыздың түсі көгілдір . Ол бірлік пен ашық аспанды, тыныштықты көрсетеді . Ортасындағы сәуле шашқан күн бейнесі – тыныштық пен байлықтың белгісі , астындағы қыран бүркіт қырағылықтың биіктеуін білдіреді. Матаның сол жағында ұлттық өрнек салынған тік жолақ бар. Тудың ені – 1 метр, ұзындығы – 2 метр.. Қазақстанның Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясындағы шаңырақ бейнеленген. Шаңырақты айнала күн саулесіндей тарап, уықтар шаншылған. Оны аңыз әңгімелердегі пырақтардың қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғары жағында жұлдыз орналасқан , ал төмен жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік елтаңбасының рендік бейнесі екі түсті – алтын және көгілдір.
- Ал енді балалар тәуелсіздік туралы жаттауларымызды айтып берейік.

Арлан:

Тәуелсіздік мәңгілік сақталсын,
Алдымызда барлық үміт ақталсын
Тату – тәтті бірлік болып қашанда
Бейбіт өмір бар халықпен жақталсын

Радмир:

Тәуелсіздік-тірегім,

Тәуелсіздік –тілегім.
Ертеңі деп елімнің,
Дүрсілдейді жүрегім.

Тәуелсіздік туымыз,
Тәуелсіздік сырымыз.
Арналады тек саған,
Ән менен күй жырымыз.

Аяла:

Өзіңдікі – Елің де,
Өзіңдікі – жеріңде,
Өзіңді өзің еткен бақ
Тәуелсіздік төріңде .

Тәрбиеші :Осы періште балалардың тілегі қабыл болсын дей отыра бүлдіршіндеріміздің орындауында

Ән : «Отан -ана»

Тимур:

Бейбітшілік әніміз,
Бауырласпыз бәріміз

Тәрбиеші :Олай болса балалар ұлттық ойын ойнайық .

Ұлттық ойын: Күш сынасу.

Тәрбиеші : Қазақ халқы өнерге бай халық, соның ішінде күмбірлеген күймен, мың бұрала би өнері ерекше .Олай болса қыздарымыздың биін тамашалаңыздар

Би : «Қамажай»

Тәрбиеші : Балалар , сендер Отан ,Қазақстан , туған жер туралы тақпақтарды өте көп біледі екенсіңдер ! Жарайсыңдар ! Ал мақал – мәтелдер білесіңдер ме, оны «Кім жылдам?» ойыны арқылы байқап көрейік . Мен мақалдардың басын айтам , сендер жалғастырып айтыңдар .

Отан –оттан да ыстық
Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас
Өз елің – алтын бесігің
Отан – елдің анасы ,
Ел – ердің анасы.

Тәрбиеші : Балалар сендер тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарысыңдар . Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді, әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге , сүйуге, қорғауға міндеттісіңдер . Саналы , білімді азамат болу үшін не істеу керек ?

Балалар . Еңбек етуіміз керек .

-Біздің қазіргі еңбегіміз не ?

Балалар. Оқу!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар ! Қазақ халқы өнерге бай халық, соның ішінде күмбірлеген күймен, мың бұрала би өнері ерекше .Олай болса келіңдер би билейік баршамыз.

Би : «Қаражорға!»

Тәрбиеші: Бүгін , міне ,Егеменді тәуелсіз еліміздің ұлы мерекесін тойладық . Жүзіміз жарқын болып, аспанымыз ашық болсын деп тілейміз . Егеменді елдің болашағы – сендерсіңдер ! Сендерге зор денсаулық , көңілдеріңе шаттық тілей отырып, атар әрбір таңдарың арайлы да шуақты болсын , күннің нұры сәулесін мол төксін деп тәрбие сағатымыз аяқталды .